

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№26 (10 073)

2 шілде

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ АУДАНЫМЫЗДА



Облыстық мәслихат хатшысы Жергенбаев Жанболат Әкебайұлы Алматы облысында пандемия кезінде барлық шаралар онлайн өтіп, енді облысымыздың жасыл аймаққа ауысуына байланысты ауданымызға арнайы іс – сапармен келіп, аудан тіршілігімен танысып қайтты.

Алдымен ауданымызда бой көтерген «Бөрібай батыр» ескерткішіне гүл шоғын қойып, ескерткіш маңын абаттандыру, көркейтуде, көгалдандыру мақсатында жақында ашылған кіші архитектуралық мүсінді көрді. Одан кейін аудан орталығы Жансүгіров ауылының шығыс бөлігінде салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарымен танысып, ауданымызда шешіле алмай жатқан ең бір қиын мәселе орталық спорт комплекстің құрылысын және орталықтағы бес қабатты елу пәтерлі екі үйдің жөндеу жұмыстарына қолдау білдіретінін айтты.

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық мәслихат аппараты және халық қалаулыларымен ашық әңгіме барысында кездесу өткізді. Әңгіме барысында мәслихат депутаттарының жұмысын жүйелендіру, БАҚ - пен жұмыс, халықпен кері тығыз байланысты орнату, заман талабына сай жаңа заңдардың іске асырылуы, ауыл әкімдерін сайлау жұмыстарына дайындық шаралары қаралды.

Аудан депутаттары да шарада белсенділік танытып, облыс деңгейінде шешу қажет мәселелерді көтеріп, қолдау көрсетуді сұрады. Атап айтқанда, халық қалаулысы К.Дәулетбекова аудандық орталық ауруханада компьютерлік томография жоқтығын



айтып, мүмкіндік болса осындай аппараттарды ауруханаға алып беруге жәрдемдесуді сұраса, сонымен қатар, Қарасу ауылдық округі Еңбек ауылындағы жаңадан салынған мектептің астынан су көтеріліп, соның салдарынан балалар мектепке бара алмайтынын, алдағы жылдары балалар мектепке барып оқитын болса қиын болатынын, және судың салдарынан мектептің ірге тасы төмен түсіп, құлауы мүмкіндігін алдыға тартты.

Арда Елубаева Қапал ауылындағы Фатима Ғабитованың тұрған үйі кезінде мұражай болған. Кейіннен жекеменшікке өтіп, қазіргі уақытта бос тұрғанын, соны қайта жаңғыртып, мұражайды қалпына келтірсе деген өтінішін білдірді.

Тағы да осы Қапал ауылынан көтерілген тағы бір мәселе «Тамшыбұлақ» мәселесі болды. Бұл сұранысты Қапал ауылына қарасты халық қалаулысы, жас депутат Арман Кәденов көтерді. Ауданымызда туризмді дамыту мақсатында шипалы суы бар «Тамшыбұлақты» абаттандырып, қоршап, арнайы тазалығына қарау үшін бір адамдық штат берілсе, деген ұсынысын жеткізді. Рахат Нығымбетбекқызы да бір жағы білім саласының қызметкері болғандықтан өзі басшылық жасап жатқан Е.Сиқымов атындағы орта мектеп – интернатының төбесінен су ағатынын, күрделі жөндеуден өткеніне аз уақыт болса да осы мәселеге өздерінің шамасы келмей, алаңдататынын айтты.

Жанболат Әкебайұлы қойылған сұрақтарды бақылауына алып, тиісті басшылармен қаралатынын атап айтты.

Ербол СЫМХАНОВ, арнаулы тілші.

## 6 ШІЛДЕ – ЕЛОРДА КҮНІ!

БҮГІН – ЕЛІМІЗДІҢ АСТАНАСЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ. БИЫЛ ЕЛОРДА КҮНІ 21 МӘРТЕ ТОЙЛАНУДА.

Бұл мереке ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылдың 6 мамырындағы Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілуіне байланысты 10 маусымда аталып өтетін.


Ал 2008 жылдан бері мереке шілденің 6-сына ауыстырылып, Қазақстанда мемлекеттік мереке болып жарияланды. Осылайша «Мерекелер туралы» Заңға енгізілген түзетулерден соң 2009 жылдан бастап 6 шілде мемлекеттік мереке ретінде аталып өтіп келеді.

## ЖАСАЙ БЕР МӘНГІ - ЕЛОРДАМ!

1994 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті отырысында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Қазақстан астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы ұсыныс жасады. 1997 жылы 20 қазанда астананы ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы астана болып өзгерді. 1998 жылы маусымның 10-да жаңа елорданың тұсау кесер рәсімі өтті. Бұл күн 2006 жылға дейін астананың туған күні ретінде аталып өтіп келеді. 2006 жылдан бастап шілденің 6-сы Елорда күні ретінде атап өтіледі.

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Астананың әлеуметтік экономикалық, өсіп - өркендеуіне қосқан қомақты үлестері, ерен еңбектері, бейбітшілік пен келісімді сақтауға ат салысқан азаматтар еңбегі баға жетпес байлық, мақтауға тұрарлық еңбек. Көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс еткен жаңа Астанамыз астарында, еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ, Астананы таңдауда аты аңызға айналған ата – бабаларымыз Тәукенің көрегендігі, Абылайдың ұлылығы және 1986 жылғы желтоқсанда ұлттық қадыр - қасиетті күлі әлемге паш еткен жас жүректердің соғысы тоғысып жатыр.

Қазақстанның жас елордасы, бүгінгі Астана – қарыштап дамыған мемлекеттің мәңгілік



достықтың символы. Қаланың әлем халықтарына мақтана көрсетер, жетістіктері аз емес. Астана – болашағы жарқын қала. Елордада сан түрлі арман қиялдар жүзеге асырылып, сан қилы тағдырлар тоғысып жатқан керемет те көркем қала.

Сондықтан да Қазақстанның жүрегі мәңгі соғып, бас қаласы одан әрі гүлдене берсін! Астана күні құтты болсын!

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ.

## COVID - 19

### ЕКПЕ АЛЫП, ОН МЫҢ ТЕҢГЕ ҰТЫП АЛ!

Құрметті аудан тұрғындары! Ақсу аудандық орталық ауруханасы вакцина салдырғандар арасында жүзде қоры жүз мың теңгелік ынталандыру сыйлығын ойнатады.

1 шілде мен 1 тамыз аралығында аудан бойынша кез - келген екпе егу пунктінде вакцинаньң 1 - компонентін салдырып, арнайы жүлде ал.

"Covid - 19" індетіне қарсы екпе салдырғандар арасында 10 адамға 10 мың теңге ақшалай сыйлық тікелей эфирде рандом әдісі арқылы ойнатылады.

Ұтыс ойыны 3 тамыз күні тікелей эфирде Ақсу аудандық орталық аурухананың «Aksu\_crb» инстаграм парақшасында өтетін болады.

АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ.

АҚСУ АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА

ЕКПЕ АЛЫП, 10 МЫҢ ТЕҢГЕ ҰТЫП АЛ!

1-шілде мен 1 тамыз аралығында Ақсу ауданы бойынша кез-келген екпе егу пунктінде вакцинаньң 1-компонентін салдырып, арнайы ынталандыру жүлдесін ал.

Aksu\_crb



# БАЙЖАН, МЫРЗАҒҰЛ, МҰЖЫҚ БИ



управления сибирскими казаками о многочисленных поборах с казахского населения чиновником этого управления Белашем» - деген құжатта: Байжанұлы Мұжық 1845 жылы Матай руының биі екені аталған.

Мұжық бидің зираты қазіргі Көкжайдақ мен Шолақөзек ауылдарының ортасындағы төбеде жатыр. Басында асыл гранит тастан белгі тұр. 2002 жылы қойған Жемісбек. Мұжық бидің зиратының кірпіштері алты қырлы, дөңгелек тәрізден келген. Бәрінде бес саусақ алақан іздері бар. Зират екі жыл тұрғызылыпты. Зиратты салған сімер Тастемір Жанқұлы. Арқар батыр тай терісімен ылайды жоғарыға жалғыз өзі әперіп тұрыпты. Алғашында зират бітеу, есіксіз салынады. Кейін күн шығыс жағынан есік шығарылады. Зиратта көк кептерлердің ұясы көп болды. Оны мен өзім де көрдім. Дүр етіп, көк кептерлер топырлап ұшқандарында, зиратқа кіріп, бір шымшымы топырақ тастауға батылым дауаламады. Мейрамбай Байтолықов 9-10 жасында зираттағы көк кептерлердің ұясынан жұмыртқаларды алып жүріпті. Бір күні зират ішінде құран оқып отырған адамға кез болып, жаман қорқып, содан зиратқа бармайтын болыпты. Мұжық бидің зиратын Жанқұлы мен Арқар батыр тұрғызғанын 1969 жылы Ақсуға Түйтебаев Тұрлыбек атаның жаназасына келген Қожамұратұлы Балтабай ата Сақай үрім-бұтақтарына «Естерінде жүрсін» деп, ескертіп айтқан еді. Мұжық бидің зираты бір ғасырдан астам тұрып құлады.

Мұжық биден Еман, одан Шәмшетай, одан Бекболат, Мұсаболат, Кенжеқара, Байырқа, Бекетбай (1850-1929 ж.ж.) - ақын, «Асандай қайғы қоздырған соқыр ақын Бекетбай» деп ел айтқан, арысқан арық қатпа қара-шұбар кісі болған екен. Қожамұраттан Балтабай - соғыс ардагері, Ұлы Отан соғысынан кейін Үлгілі колхозының басқармасы (1949 жыл), домбырамен өлең айтып, жүрген жері думан болатын. Өңгімешіл, жадынан өлең шығаратын, бәсекемен қошқарлар тәрізді бас соғыстырып, еш адамнан жеңілмепті. Балтабайдан Қылышбек.

Мұжық бидің зиратын Құрамыстан тоғыз ұл туған. Есімдері: Қоштыбай құт, Естібай зергер, Ендібай пір, Төктібай бай, Белібай бай, Телібай болыс, Толғанбай ақын, Толқынбай бай, Жұманбай ақын. Осы таралған ұрпақтар «Тоқпанбеттің екінші тоғызы» саналады. Бәрінің атақ-даңқы халықта ерекшелген. Осы тұқымнан ұрпақтар көп таралған.

Байжан батыр, Мырзағұл құт, Мұжық би зираттары 2021 жылы 25-27 маусымда жұмысқа толық өрнектелген істе темірмен қоршалып, асыл гранит тастан белгілер жазба дерекпен қойылды. Үлкен іске рухты кіріскен демеушілер Мұжық бидің жиені Айдын есімді азамат. Жобасын жоспарлап жасап, бүкіл жұмыстарды іске асырған елі Албан-Айт Қуат пен Мұхамедәлі есімді жігіттер. Құран бағышталып, Ақсудағы мешіт жанындағы хатымханада нәзір ас беріліп, ауыл ақсақалдарының бата-тілектері қабыл жасалды.

«Өліңі риза қылмай, тірі тірлігін жасамас», - дегендей халқымыз аман, жас ұрпақтар біле жүргеніне не жетсін?

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Байжан батыр ұрпағы «Тоқпанбеттің бірінші тоғызы» саналады. «Степные властители и их дипломатия в 18-19 веках» атаулы кітабында Клара Хафизова: «1762 жылы Абылай хан маңайындағы батырлар», - деп Байжан батырды да атап жазады. Байжан батыр мен Мырзағұлдың зираты Ақсу өзенінен күн шығысына қарай өтетін үлкен көпірден 2-3 шақырым жердегі, қазіргі Көкжайдақ ауылына баратын, қара жолдың жиегіндегі жайдақ төбеде жатыр. Заматында Байжан батырдың зираты топырақ кірпіштен қазақ үй тәрізді биік, шошақты қаланып, Мырзағұлдікі төрт құлақты, бесік іспетті салыныпты. Екі зират орны қазір алыстан анық аңғарылады. 2002 жылы зират басына ұрпақтары Жемісбек бастап, Әнуарбек ұлдары Аятбек, Санатбек қолдап, Байболатұлы Шыңғысбектің көмегімен Қайрақтының асыл гранит тасынан белгілер қойылды. 2021 жылы ұрпақтары зират орнатып, гранит тасқа есімдерін жазды.

Байжан батырдың Шашты есімді әйелінен Өзберген, Мұжық би, Жидебай, Олжабай, Мырзағұл (Әшкөм), Кенжеғұл, екінші әйелі Жаужарадан Майлыбай, Самай, үшінші әйелі Манаттан Қашқынбай батыр туады.

\*\*\*

Мұжық би қазақтың «қара тілі» атанған шешен, ел бастаған көсем. 1796 - 1853 жылдары өмір сүрген. Мұжық он үш жасында Тобықты Кеңгірбай (Қабан) бидің батасын алған. Он үш жастағы Мұжыққа бата бермек алдында Кеңгірбай би: «Шешуін таппасаң бол аман,

Құлпырып-ақ тұр бұл заман.

Алас ұрғанда ел жаман,

Тілейін саған оң қадам.

Алымды болғың келсе?

«Кім жетім» дегенге жауап бер?» - дейді.

Сәл ойланып, толғанған Мұжық: «Құлазыған шөл жетім,

Құс қонбаған көл жетім!

Сортаңға құйған сел жетім,

Жан баспаған жер жетім!

Бетегесіз бел жетім,

Мекені жоқ жел жетім!

Серігі жоқ ер жетім,

Көсемі жоқ ел жетім!» - деп, жауап қайырады. Сонда, көңілденген Кеңгірбай би:

«Күткен сөзім осы еді,

Жайып қолыңды тос енді.

«Алымды бол!» - батам сол,

«Еліңнің бағы бес елі!» - деген батасын береді. Садыр елінің қызы Күміспен айтысында елі Қаптағай Омарбек ақын: «Ел билеген төрені сөзбен жеңген, бақыт қонған Мұжық би кенім де бар», - дейді. Қаракерей елін билеген Бексұлтан төре Мұжық биден именіп, мысынан өте сескеніпті. Мұжық бидің ақылы тасқан, кемеңгер болыпты.

Мұжық бидің айтқан ақылы және жұмсауымен аталас інісі елі Тастемір Тайкөт ақын 16 жасында Қаракерей «жеті

үйлі Жаңбыршыны» Бексұлтан төренің бодандығынан құтқарады. Мұжық би мен Жалайыр Балпық езуір құрдас, жастары бір жылғы тете, тең екен. Екеуі достық аралас қатынаста болып, Мұжық би Балпықты екі рет билік істің жеңілісінен аман алып қалады. Біріншісінде - нәсілі Өзбек, саудагер кісі өліміне құн төлеуінен, екіншісінде - даулы кінәдан.

Ақ патшаның 25 жылдық әскери қызметіне төзбей қашқан, саны 40-тан астам, ноғай, татар, дүнген, орыс жігіттерін елдегі үйді-үйге бөліп жасырып, асырап, шетінен сүндетке отырғыза мұсылман етіп, одан жұрттан еншіге мал-мүлік бөліріп, жер бергізіп, қазақ қыздарына үйлендіріп, Секе ұлын басшы қойып, бір ауыл жасайды. Жергілікті жердегі адамдар оларды «Шалақазак» деп атайды. Ал, олар өздерін «Сақай еліміз» деп айтады. Секеге қараған ауыл тұрғындары «Секе елі» деп аталып, осы күні өздерін «Сақай-Секеміз» дейді. Олар Сақай тарабындағы ең бай ауыл саналыпты.

Секеден Сәкен, Мәсім - молда, діндар, иманды жан болып, 1914 жылы ауыр аяқ әйеліне қалжаға бара жатқанында жолда біреулер мерт қылады. Оның «Құран» кітабы ұрпақтарында сақталуда, Сүлеймен, Үкібай тарайды. Мәсімнен Әсім (Асым) - ашаршылық жылдары Қытайға өткен, Қасым (1914-1965 ж.ж.) - 1932 жылғы ашаршылықта Қарасудағы жетім қалған балалар үйінде тәрбиеленеді. Байсалды, салмақты, көпшіл адам болған екен. Басында сол өзі тәрбиеленген Қарасудағы жетім балалар үйінде шаруа басшысы болып қызмет істейді. Сосоң мал жинаушы болып еңбек етеді. Өзгеге көмек қолын созудан аянбапты. Сталинград майданында «мерген» болған, Ұлы Отан соғысының ардагері. Көп жылдар Ақсу аудандық қаржы бөлімінде бухгалтер қызметінде істепті.

Қасым атаның Ақсуда тұрған үйінің сұлбасын ұрпақтары Ақсу ауылында қайта түлетіп, 2019 жылы мұражай жасап қойды. Ішінде Қасым ата мен Нұрбану ананың тұтыңған заттары орын алған. Қоршаудағы асыл тас белгіде: «Бұл үйде 1965 жылға дейін Ұлы Отан соғысының ардагері Қасым Мәсімұлы отбасымен тұрған», - деген жазу жазылған. Қасым ата мен Нұрбану әженің немересі Кәрім олардың зиратын жөндетіп, қайта тұрғызып, Жансүгірде құран бағыштап, нәзір ас берілді. Мұжық би 12-13 жасында Тобықты Кеңгірбай бидің 1807 жылы батасын алып, төрт көкбөрі киесінің бірі иеленеді. Мұжық бидің киесі «көкбөрі арлан» деп айтып отыратын бұрынғы өткен білгір қариялар. Ұрпақтары: «Мұжық бидің киесі екі арлан көкбөрі» - дейді. Мұжық бидің киесі екі көкбөрі арланы ұрпағы Кәдірбек, Тотан мен жиендері Айдар, Жанардың көзіне көрініпті. Мұжық би Ер Тоқпанбеттің киелі батасын Бабеке батыр арқылы алып, жалғастырған асыл. Мұжық бидің ұрпағы Балтабай ата Ер Тоқпанбеттің шашақты ақ туын, ту басындағы жамбыкөз алтынын қуғын-сүргін 1930 жылға дейін сақтапты. «Қазақстанның ашық кітапханасы» айдарымен танылған «Билер даналығы мен еділ соты» кітабында Қ.Дауталиев: «Бала кезінен келесі билер билікке араласқан деп есімдерін тізіп атап, Матай Мұжық би Байжанұлы XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Ол он үш жасында прецеденттік билігімен «бала биі» атанған», - деп жазады. «Қазақтың ата заңдары». Құжаттар, деректер, зерттеулер. Он томдық. Тарихи әдебиет. Т.3. Алматы, «Жеті жарғы» баспасынан шыққан кітаптағы билер тізімінде Мұжық би есімі тіркелген. №193. 1845г, сентябрь 28. — Из журнала «Пограничного

## ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

# СӘТТИ АТҚАРЫЛҒАН ПАРЫЗ



Қацкин Қосшыбай, Диқаров Орысбай, Байторин Байжігіт, Сәтбитов Шәкіржан, Монтеков Балықбек, Топанов Құлдыбай, Шотынбаев Сарметен, Тоғаев Мұхаммет, Абділдин Ахмет, Құмаев Мұхамметшәріп, Жиенбаев Есенбек, Қиязов Жолдас, Жамсудинов Жұмахмет, Усманов Әбділбәрі, Тонтаев Доданбек, Құдабаев Байтүбек, Байтасов Байқожа, Төбелов Туғанбай, Жанқосқанов Қамаубай, Құттыбаев Жыңғылбай, Бабаев Маңдыауыл мен анасы Майқы, Итжігітов Самат, Бабаев Қошахан мен әйелі Ыықа, Бөгенбаев Жарбала, Жексенбаев Түркелді, Өміртаев Қошқарбай.

1908 жыл. Сейфілмүлік Ахметжан, Айманбетов Әбсәлім, Алашев Ибраһым, Терлікбаев Смағұл, Тауасаров Тергеу, Сасықов Қарынбай, Солтанбеков Үйсінбай, Әлібеков Жайлаубай, Желкелдинов Смалтыр, Туғанбаев Смағұл, Төнекин Есенбек пен әйелі Дәмелі, Шәкеев Мұрат, Есенбеков Ешмұханбет, Ыстықов Қошқарбек, Ырсаев Бектеміс, Шәкеев Әмір, Наурызбеков Ысқақ, Ниязбеков Қашеке.

2009 жыл. Бейсенбин Жақсыбай, Серікжанов Әбілда, Айманбетов Ерасыл.

1910 жыл. Ақсубаев Сыдық, Жүсіпов Шатырбек, Атабаев Байбол.

1911 жыл. Серенов Боқай, Байтеміров Қосай, Қаржинов Мықан, Атымтаев Шәріп.

1912 жыл. Кендуев Есболат, Ершығашев Бишетек, Көріпов Бұлқынбай, Битықов Шен, Жаманнин Найзабек, Қуанышбаев Оспан, Жанқұлдин Жаманбай, Отарбаев Айтоқжол, Аралба-

ев Тілеген мен ұлы Тойшыбек, Байжанов Қожан, Естібаев Ербек, Салдырбеков Құтпан, Бекетов Тәжі.

1913 жыл. Сарынов Қайыңшы мен әйелі Мүлдәниет, Нүсіпбеков Жұмахан, Есімова Сәниятбибі, Мырсейтова Зылиқа, Әбдуәлімов Әбдімәулен, Ахунов Зейніш, Қиқбаев Ботабай, Аллаярлов Мұхамметқадір, Құтпанов Сәтебай, Тілеушин Қыстаубай,

Түменбаев Болатша, Терлікбаев Смағұл, Бимәметов Қожамқұл, Атымтаев Қасқару, Қалин Сердәлі, Жұмабаев Қаламбек, Майқатаев Нұрмаханбет, Айғырбаев Сүгірбай.

1914 жыл. Қуатов Өтелбай, Өсербаев Орман, Алпақов Жүсіп, Айманбетов Төлөндібай, Қалшабаев Досай, Шатақов Мырзағұл, Қаратов Құсайын, Бекшойынов Майемген, Айманбетов Жанасыл, Орынбаев Ілебай, Жәңкебаев Ханкел, Төбиев Мұхамметәлі, Мұхамметрахимов Ибраһим, Нақылжанов Тұрсынбай, Қожаназаров Мұхамметәлі, Мәмбетов Ғайса. 1847 жылы Қапал бекінісі салынса, 1869 жылы Қапал уезі Жетісу облысының құрамына енгізілді. Ал, 1918 жылы 14 маусымда Қапал уездік кеңесін тұтасымен Талдықорғанға көшіру туралы шешім қабылданып, нәтижесінде 1921 жылы 02 сәуірде Қапал уезі атауы өзгертіліп, Талдықорған уездік ауылы болды. Ал, 1925 жылы Талдықорған ауылы Талдықорған қаласы дәрежесіне көтерілді. Олай болса, Қапал уезінен Меккеге барып қайтқандардың үрім - бұтақтары негізінен осы аймақта, Ақсу, Қапал, Сарқан, Қарабұлақ, Талдықорған төңірегінде өсіп - өніп жатса керек. Өзінің жеті атасын білетіндер бабаларының ата - жөндерін саралап, тегін тапса, нұр үстіне нұр, ұрпақтар сабақтастығының өнегесі болар еді.

Тарихтан белгілі, Осман империясы үкіметі Ресейге қарсы соғыс жариялауына байланысты Қара теңіз бұғаздары жабылып, 1914 жылдың 01 қарашасында Ресей мұсылмандарының Мекке сапарына тосқауыл қойылды. Бұл Кеңес Одағы ыдырағаннан соң, яғни 1991 жылдан бергі уақытта ғана қайтадан ашылды. Бұл деректер «Жетісу энциклопедиясынан» («Арыс» баспасы, Алматы қаласы, 2004 жыл) алынды.

Болат БИСҰЛТАҢҰЛЫ,  
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы",  
Қазақ журналистикасының қайраткері.  
Талдықорған қаласы.

Жетісу облысының құрамындағы Қапал уезінен 1874-1914 жылдарда Меккеге қажылыққа барғандар қатары біртіндеп арта түскен көрінеді. Алайда, 1891-1895 және 1897 жылдарда Меккеге барған мұсылмандар жөнінде архив құжаттары сақталмаған екен. Үндістанда оба дерті өршуіне байланысты 1897 жылы Ресей үкіметінің арнаулы қаулысымен қажылық сапардың 1901 жылға дейін шектелгені бар. 1902 жылы қайта жалғасты. Мына жайттар соның дәлелі.

1874 жыл. Садырбаев Сейтқожа, Ғабитов Хайбулла,

1875 жыл. Сейфілмүлік Ғалиақпар, Мұхамедиев

Мұхамметжан, Хусайнов Файзолла,

1880 жыл. Мусин Мұхамед-Садық,

1981 жыл. Бекманов Абдолла,

1884 жыл. Боранбаев Жақып,

1886 жыл. Маманов Тұрысбек пен әйелі Бәке,

1890 жыл. Бекболатов Нәжімеден мен ұлы Садуақас.

1902 жыл. Маманов Тұрысбек әйелдері Әбу мен Кәукен, Мәмбетбаев Жанышбек, Тұрысбеков Егемберді, Исин Мұса, Әлібеков Солтанбай, Қасқарауов Дүйсенбай, Сұлтанов Мұса, Түйтин Қайран, Дайрыбаев Байжігіт, Жаманғарин Дүйсеке, Баймұханбетов Нұрсейт; Арасан болысынан Мұхамедиев Қожахмет; Қоянды - Бүйен болысынан - Еділов Балшық; Ақешкі болысынан - Сексенбаев Ексен, Жәменов Шыбынтай; Төменгі Қапал болысынан - Беков Ибрагим, Бұқарбаев Салты, Беделбаев Бекембай, Келдібаев Шырбай; Күнгеі Ақсу болысынан - Тынысбеков Берікбай.

1903 жыл. Айтбаев Діқанбай, Көпбаев Мөржан.

1905 жыл. Арқабаев Бимолда, Абаев Бәсен, Еділов Қылышқбай, Қойшыманов Іргебай, Бабаев Шахмет, Тарғынов Есенғұл, Бабин Нұрмамбет, Мырзинов Баба, Сартов Байтулақ, Жақаев Жақыбай, Бақтияров Дәлібай, Сүттібаев Құрттыбай; Арасан болысынан - Қалиев Сәрсек пен анасы Қалипа; Басқан - Сарқан болысынан - Шотқызов Айнақұл.

1906 жыл. Боқтыбаев Байқабат, Қалиақпаров Ахметжан, Сейфілмүлік (аты көрсетілмеген), Қойшыманов Іргебай, Жанмурзин Бөгей, Нарбозин Мырзақұл, Теңізбаев Салықбай, Тұрлыбаев Шыныбек, Онбаев Алтынбай, Тұманшин Боздақ, Төменов Шен, Бұданов Едіге, Боқбасаров Барлыбек.

1907 жыл. Наурызов Жаманбала, Тұрысбеков Тәңірберген. Құлметенов Жарымбай, Маманов Есенғұл, Табанов Боқаш,

## АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

25 маусым 2021 жыл №6\_

### Ақсу ауданының ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөніндегі сайлау округтерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақсу аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының ауылдық округтері әкімдерін сайлау үшін сайлау округтері құрылсын:
  - 1) Жансугуров ауылдық округі әкімін – Жансугуров ауылдық округінің шекарасы аумағында Жансугуров сайлау округі;
  - 2) Қаракөз ауылдық округі әкімін – Қаракөз ауылдық округінің шекарасы аумағында Қаракөз сайлау округі;
  - 3) Жаңалық ауылдық округі әкімін – Жаңалық ауылдық округінің шекарасы аумағында Жаңалық сайлау округі;
  - 4) Қарашілік ауылдық округі әкімін – Қарашілік ауылдық округінің шекарасы аумағында Қарашілік сайлау округі;
  - 5) Ойтоған ауылдық округі әкімін – Ойтоған ауылдық округінің шекарасы аумағында Ойтоған сайлау округі;
  - 6) Арасан ауылдық округі әкімін – Арасан ауылдық округінің шекарасы аумағында Арасан сайлау округі;
  - 7) Кошкентал ауылдық округі әкімін – Кошкентал ауылдық округінің шекарасы аумағында Кошкентал сайлау округі;
  - 8) Молалы ауылдық округі әкімін – Молалы ауылдық округінің шекарасы аумағында Молалы сайлау округі;
  - 9) Егінсу ауылдық округі әкімін – Егінсу ауылдық округінің шекарасы аумағында Егінсу сайлау округі;
2. Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, жариялансын.

Сайлау комиссиясының төрағасы  
Сайлау комиссиясының хатшысы

Б.Т.БАЙБОЛОВ.  
Б.Қ.НУРЗОЛДИНОВА.

25 маусым 2021 ж №7\_

### Ақсу ауданының ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Ақсу аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданында:
  - Жансугуров ауылдық округі әкімін;
  - Қаракөз ауылдық округі әкімін;
  - Жаңалық ауылдық округі әкімін;
  - Қарашілік ауылдық округі әкімін;
  - Ойтоған ауылдық округі әкімін;
  - Арасан ауылдық округі әкімін;
  - Көшкентал ауылдық округі әкімін;
  - Молалы ауылдық округі әкімін;
  - Егінсу ауылдық округі әкімін сайлау 2021 жылдың 25 шілдесіне тағайындалсын.
2. 2021 жылғы 25 шілдеге тағайындалған Ақсу ауданының ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

Сайлау комиссиясының төрағасы  
Сайлау комиссиясының хатшысы

Б.БАЙБОЛОВ.  
Б.НУРЗОЛДИНОВА.

Ақсу аудандық сайлау комиссиясының  
2021 жылғы 25 маусымдағы  
№7 қаулысына қосымша

### 2021 ЖЫЛҒЫ 25 ШІЛДЕГЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ІС - ШАРАЛАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Ауылдық округ әкімдерінің (бұдан әрі – әкімдерді) сайлауын тағайындау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы,  
2021 жылғы 25 маусым  
(113-1-б.2,3-т)
2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, 2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей  
(22-б.)
3. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он күн мерзімнен кешіктірмей, 2021 жылғы 5 шілдеден кешіктірмей  
(13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей, 2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей  
(17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Аудан әкімінің аппараты  
Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімнен кешіктірмей, 2021 жылғы 10 шілдеден кешіктірмей  
(23-б. 5-т.)
6. Әкімдікке кандидаттар ұсыну  
Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін - өзі ұсыну тәртібімен азаматтар.  
Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады.  
2021 жылғы 26 маусым басталады және 2021 жылғы 9 шілдеде сағ 18-00де аяқталады  
(113-3-б.1-т.)
7. Әкімдікке кандидаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – сайлау туралы Конституциялық заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы,  
қажетті құжаттарды алған сәттен бастап  
(4-б, 113-5 -б.11 т.2) т)
8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап  
(14-б.8-1) тт 31-б)
9. Әкімдікке кандидаттарға қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күн ішінде  
(113-4-б)

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ АКСУСКОГО РАЙОНА

25 июня 2021 года №6\_

### Об образовании избирательных округов по выборам акимов сельских округов Аксуского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательные округа по выборам акимов сельских округов Аксуского района:
  - 1) акима Жансугуровского сельского округа – Жансугуровский избирательный округ в границах Жансугуровского сельского округа;
  - 2) акима Каракозского сельского округа – Каракозский избирательный округ в границах Каракозского сельского округа;
  - 3) акима Жаналыкского сельского округа – Жаналыкский избирательный округ в границах Жаналыкского сельского округа;
  - 4) акима Карашиликского сельского округа – Карашиликский избирательный округ в границах Карашиликского сельского округа;
  - 5) акима Ойтоганского сельского округа – Ойтоганский избирательный округ в границах Ойтоганского сельского округа;
  - 6) акима Арасанского сельского округа – Арасанский избирательный округ в границах Арасанского сельского округа;
  - 7) акима Кошкентальского сельского округа – Кошкентальский избирательный округ в границах Кошкентальского сельского округа;
  - 8) акима Молалинского сельского округа – Молалинский избирательный округ в границах Молалинского сельского округа;
  - 9) акима Егінсуского сельского округа – Егінсуский избирательный округ в границах Егінсуского сельского округа.
2. Опубликовать список избирательных округов с указанием их границ и места нахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии и в районной газете «Ақсу өңірі».

Председатель комиссии  
Секретарь комиссии

БАЙБОЛОВ Б.Т.  
НУРЗОЛДИНОВА Б.К.

25 июня 2021 года №7\_

### О назначении выборов акимов сельских округов Аксуского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 25 июля 2021 года в Аксуском районе выборы:
  - акима Жансугуровского сельского округа;
  - акима Каракозского сельского округа;
  - акима Жаналыкского сельского округа;
  - акима Карашиликского сельского округа;
  - акима Ойтоганского сельского округа;
  - акима Арасанского сельского округа;
  - акима Кошкентальского сельского округа;
  - акима Молалинского сельского округа;
  - акима Егінсуского сельского округа;
2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов сельских округов Аксуского района, назначенных на 25 июля 2021 года, согласно приложению к настоящему постановлению.
3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии и в районной газете «Ақсу өңірі».

Председатель комиссии  
Секретарь комиссии

БАЙБОЛОВ Б.Т.  
НУРЗОЛДИНОВА Б.К.

Утвержден постановлением  
Аксуской районной  
избирательной комиссии  
от 25 июня 2021 года №7

### КАЛЕНДАРНЫЙ ПЛАН ОСНОВНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПОДГОТОВКЕ И ПРОВЕДЕНИЮ ВЫБОРОВ АКИМОВ ГОРОДОВ РАЙОННОГО ЗНАЧЕНИЯ, СЕЛ, ПОСЕЛКОВ, СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ АКСУСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ, НАЗНАЧЕННЫХ НА 25 ИЮЛЯ 2021 ГОДА

1. Назначение выборов акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов (далее – акимов)  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия - 25 июня 2021 года  
(п. 2, 3 ст. 113-1)
2. Опубликование в соответствующих средствах массовой информации списка избирательных округов с указанием их границ и мест нахождения территориальных избирательных комиссий  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – не позднее 5 июля 2021 года  
(ст. 22)
3. Опубликование в средствах массовой информации состава территориальных избирательных комиссий  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Не позднее чем через десять дней после назначения выборов - не позднее 5 июля 2021 года  
(п. 4 ст. 13)
4. Опубликование в средствах массовой информации состава участковых избирательных комиссий  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов - не позднее 10 июля 2021 года  
(п. 2 ст. 17)
5. Опубликование в средствах массовой информации сведений о границах избирательных участков  
Аппарат акима района  
В пятнадцатидневный срок после назначения выборов  
- не позднее 10 июля 2021 года  
(п. 5 ст. 23)
6. Выдвижение кандидатов в акимы  
Политические партии, зарегистрированные в установленном порядке и граждане в порядке самовыдвижения  
Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пятнадцать дней до дня проведения выборов, если иное не установлено при назначении выборов  
Начинается 26 июня 2021 года и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 9 июля 2021 года  
(п. 1 ст. 113-3)
7. Установление соответствия кандидата в акимы требованиям, предъявляемым к ним Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах), статьи 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
(ст. 4, пп. 2) п. 11 ст. 113-5)
8. Регистрация доверенных лиц кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Со дня установления соответствия кандидата в акимы требованиям, предусмотренными Конституционным законом о выборах  
(пп. 8-1) ст. 14, ст. 31)
9. Выдача кандидатам в акимы, выдвинутых в порядке самовыдвижения, подписных листов для сбора подписей в поддержку  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
В трехдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям, предусмотренным Конституционным законом, статьей 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы  
(ст. 113-4)

10. Өкімдікке кандидаттарды қолдау үшін жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу  
Паспорт қызметінің қызметкерлерін тарта отырып Ақсу аудандық сайлау комиссиясы. Қол қою парақтары Ақсу аудандық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күн мерзімде (113-4-б. 7-т.)
10. Проверка достоверности собранных подписей в поддержку кандидатов в акимы и оформление соответствующего протокола  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия с привлечением работников паспортных служб  
В трехдневный срок после сдачи подписных листов от граждан, выдвинутых в порядке самовыдвижения в соответствующие избирательные комиссии. (п. 7 ст. 113-4)
11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына өкімдікке кандидаттардың республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу.  
Өкімдікке кандидаттар, саяси партиялар. Кандидатты тіркегенге дейін (113-5-б. 2-т.)
11. Внесение на счет местных исполнительных органов избирательного взноса в размере однократной минимальной заработной платы, устанавливаемой законом о республиканском бюджете и действующем на 1 января 2021 года  
Кандидаты в акимы, политические партии (за каждого выдвинутого кандидата)  
До регистрации кандидата (п. 2 ст. 113-5)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2021 жылдың 1 маусымдағы жағдайы бойынша)  
Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) кандидатты тіркегенге дейін (113-5-б. 3-т.)
12. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствах на первое число месяца начала срока выдвижения (на 1 июня 2021 года)  
Кандидат и его (ее) супруга (супруг)  
До регистрации кандидата (п. 3 ст. 113-5)
13. Кандидат және оның жұбайының (зайыбының) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру  
Мемлекеттік кіріс органдары  
Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 4-т.)
13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом)  
Органы государственных доходов  
В течение пяти дней со дня регистрации кандидата (п. 4 ст. 113-5)
14. Өкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күніне он күн қалғанда жергілікті уақытпен сағ 18-00де аяқталады  
2021 жылы 26 маусымда басталады және 2021 жылы 14 шілдеде жергілікті уақытпен сағат 18-00де аяқталады (113-5-б.)
14. Регистрация кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается в 18.00 часов по местному времени за десять дней до дня выборов  
Начинается 26 июня 2021 года и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 14 июля 2021 года (ст. 113-5)
15. Өкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу аудандық сайлау комиссиясы.  
Кандидаттарды тіркегеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)
15. Публикование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в акимы  
Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов (п. 9 ст. 113-5)
16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру  
Ақсу ауданы өкімінің аппараты және аудандық сайлау комиссиясы  
Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
16. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов и их оснащение  
Местные исполнительные органы и Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
До начала агитации (п. 6 ст. 28)
17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу  
Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.  
2021 жылдың 14 шілдесінде сағат 18.00-ден кейін басталады және 2021 жылдың 24 шілдесінде 00 сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
17. Проведение предвыборной агитации  
Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов  
Начинается после 18.00 часов по местному времени 14 июля 2021 года и заканчивается в ноль часов по местному времени 24 июля 2021 года (п. 2 ст. 27)
18. Өкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар беру және бөлінген үй-жайларда кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау  
Ақсу ауданы өкімінің аппараты және аудандық сайлау комиссиясы.  
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
18. Предоставление кандидатам в акимы помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями в выделенных помещениях  
Местные исполнительные органы и Аксуская районная территориальная избирательная комиссия  
В период проведения предвыборной агитации (п. 4 ст. 28)
19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша өкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссияларына акт бойынша ұсыну  
Аудан өкімі.  
Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын, 2021 жылғы 5 шілде (24-б. 5-т.)
19. Представление по акту в избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку  
Акиму района  
За двадцать дней до начала голосования до 5 июля 2021 года (п. 5 ст. 24)
20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну  
Учаскелік сайлау комиссиялары  
Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда, 2021 жылғы 10 шілде (26-б. 1-т.)
20. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей по избирательным участкам  
Участковые избирательные комиссии  
За пятнадцать дней до дня голосования с 10 июля 2021 года (п. 1 ст. 26)
